**Бекітемін Аманшеева.А.Ж** **Тәрбиеші Спан.Г.Т**

**Білім беру ұйымы МғЖұмабаев атындағы ЖББОМ** Жауқазын шағын орталығы

**Топ** «Қошақан» ересек тобы

**Балалардың жасы** 4-5 жас

**Жоспардың құрылу кезеңі** 13-17 наурыз 2023 жыл

| Күн тәртібінің үлгісі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды қабылдау: балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу.<br>**«Әз, наурызым армысың!»**<br>Мақсаты: Наурыз туралы туралы түсінік беру.<br>**Көркем әдебиет** | **Үстел үсті ойыны: «Мозайка»**<br>Балалардың ойлау және есте сақтау қабілетін дамыту.<br>**Құрастыру** | **Әңгіме:"Туған өлке"**<br>Мақсаты:Өздері тұратын жері, туған жерінің табиғатын, өз қаласын немесе ауылы туралы әңгімелету.<br>**Сөйлеуді дамыту** | **Дидактикалық ойын: «Кірпінің саңырауқұлақтарын тап»**<br>Мақсаты: Негізгі түстерді ажырата, атай білуге үйрету. Шапшаңдылыка, ептілікке, ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>**Қоршаған ортамен таныстыру** | **«Не қалай дыбыстайды ?» саусақ ойыны :**<br>**Мақсаты:** Кейіпкерлерді ит, мысық, тышқан, әтеш) көрсетіп, дыбысын салуға үйрету. Қуанышты көңіл-күй сыйлау.<br>**Музыка** |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Баланың бүгінгі жетістігі туралы әңгімелесу. Үйде баланың өзі киініп, өзі шешінуін қадағалап, талап етіп отыруды түсіндіру. | Баланың бүгінгі жетістігі туралы әңгімелеу. Бала тәрбиесіне көңіл бөлуді ескерту. | Баланың бүгінгі жетістігі, бала денсаулығы мен тамағы жөнінде әңгімелесу. | Баланың бүгінгі жетістігі туралы әңгімелесу. Әдептілік сөздерді үйретуін ескерту. | Демалыс күндері күн тәртібін сақтауын ата-аналардан талап ету. |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті,** | **«Сиқырлы қораптар»**<br>Мақсаты: Сиқырлы қораптар туралы түсінік беру. | **«Бүтін және бөлік»**<br>Мақсаты: Балаларға бүтін, бөлік ұғымдарын түсіндіру.<br>**Математика негіздері** | «Арнайы көліктер жүк және жолаушылар көліктері»<br>Мақсаты: Көліктер туралы түсінік беру. Олардың жұмысына | **«Құмырадағы гүл»**<br>Мақсаты: Балаларға ермексазды пайдаланып отырып құмырадағы гүлдімүсіндеп | **«Бір уыс мақта»**<br>Мақсаты Ертегі туралы түсінік беру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **кітаптар қарау және тағы басқа іс-әрекеттер)** | Құрастыруға қалыптастыру. Қауіпсіздік шараларымен таныстыру. **Құрастыру** | | сипаттама беру. **Қоршаған ортамен таныстыру** | үйрету. **Жапсыру** | **Көркем әдебиет** |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Балалар әсерлерімен бөлісу, жаңалықтарды білу, бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т. б. үшін жиналады. Балалар педагогке ортаны ұйымдастыруға көмектеседі (бірлескен әрекет, кезекшілік). | | | | |
| **Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>**Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру**. Бір-бірден сапқа тұру, бір-бірінің жанына сапқа және шеңберге тұру. Екеуден, үшеуден бірінің артынан бірі қатарға тұру, бағыт бойынша түзелу; оңға, солға бұрылу, орнында айналу; араларын алшақ ұстау және жақын тұру.<br>**Сөйлеуді дамыту**<br>Сөздік қорды заттар | **Қазақ тілі**<br>**Сөздік қор.** Қоршаған ортадағы заттар мен өсімдіктердің, жануарлардың, құстардың, табиғат құбылыстарының, тұрмыстық заттардың атауларын білдіретін сөздерді түсіну және атау дағдыларын қалыптастыру.<br>Туыстық қарым-қатынасты («сіңлі», «жеңге», «жезде», «нағашы», «жиен», «бөле») білдіретін сөздерді үйрету. Өзінің отбасы, отбасылық | **Дене шынықтыру**<br>**Тепе-теңдікті сақтау**:қырлы, көлбеу тақтай бойымен (ені 2 сантиметр, биіктігі 30-35 сантиметр) жүру; қолдарды әртүрлі қалыпта ұстап жүру.<br>***Жүгіру:*** түрлі тапсырмаларды орындай отырып: шапшаң және баяу қарқынмен, жетекшіні ауыстырып жүгіру, 1–1,5 минут ішінде баяу қарқынмен жүгіру.<br>**Көркем әдебиет**<br>Балалардың кітаптағы иллюстрацияларды өз | **Музыка**<br>**Музыкалық-ырғақты қимылдар**.Қимылдарды музыкамен сәйкестендіре отырып, жүрелеп отыру, музыканың екінші бөлігінде қимылдарды өзгерту, музыканың көңілді, ойнақы сипатын қабылдау, мазмұны бойынша таныс әндерді сахналауға баулу, музыканың ырғағына сәйкес әртүрлі қарқынмен секіру.<br>**Көркем әдебиет**<br>Шешендікке, сөз | **Дене шынықтыру**<br>**Еңбектеу,өрмелеу:** гимнастикалық қабырғаға оңға, солға ауыспалы қадаммен өрмелеу, бөрене және гимнастикалық скамейкадан аттап өту.<br>**Сөйлеуді дамыту**<br>Дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту, ызың және үнді (р, л) дыбыстарды анық айтуға жаттықтыру.<br>**Математика**<br>**Шама.**Ұзындығы, ені, және биіктігі бойынша екі затты салыстыру, екі |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тобын білдіретін жалпылаушы және мағынасы қарама-қарсы антоним сөздермен байыту.<br>Математика **Сан, санау**.5-ке дейін реттік санау дағдыларын дамыту, реттік сан есімдерді атау, сандарды реті бойынша атауға «нешінші?» сұрағына жауап беруге және қорытынды санды атауға, «барлығы қанша?» сұрағына жауап беруге үйрету.Екі қатарда орналасқан заттар тобын салыстыруды үйрету, теңдік және теңсіздік туралы ұғымдарды қалыптастыру. | мерекелер, отбасындағы қызықты оқиғалар, салт-дәстүрлер туралы айтуға баулу.<br>**Сөйлеуді дамыту**<br>Сөздік қорды заттар тобын білдіретін жалпылаушы және мағынасы қарама-қарсы антоним сөздермен байыту.Балаларды қазақ халқының қонақжайлылық дәстүрімен таныстыру, қонақты күтіп алу, төрге отырғызу, «қонақ кәде», «сыбаға», ас қайыру, бата беру, қонақты шығарып салу дәстүрлерін үйрету арқылы үлкендерді сыйлауға, дастархан басында | бетінше қарастырып, ертегі, әңгіме құрастыруына мүмкіндік беру.<br>Математика **Жиын.**<br>Балаларға жиын, оның әртүрлі түстегі, пішіндегі, өлшемдегі заттардан тұратындығы туралы түсінік беру, заттарды жұппен қою арқылы оларды санамай-ақ салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтай білу.<br>**Қоршаған орта Адамгершілік және патриоттық тәрбие.**<br>Қарапайымдылыққа, мейірімділікке және әділдікке, ересектерге құрмет көрсетуге, кішілерге көмектесуге тәрбиелеу. | өнеріне баулу, халық ауыз әдебиеті шығармаларымен таныстыру, санамақ, жаңылтпаш айту, жұмбақ шешу, айтыс өнеріне баулу,еркін ойындарда таныс кейіпкерлердің образын өздігінен сомдауға, оларды басқа қырынан көрсетуге (қатыгез-мейірімді, аққөңіл-салмақты) ынталандыру.<br>**Математика**<br>**Шама.**Ұзындығы, ені, және биіктігі бойынша екі затты салыстыру, екі затты үстіне және қасына қою тәсілдерін қолдану.<br>**Қоршаған орта Байланыс және қозғалыс құралдары**.Әртүр | затты үстіне және қасына қою тәсілдерін қолдану.<br>**Қоршаған орта Өсімдіктер әлемі.**<br>Өсімдіктердің даму кезеңдері (тұқым, көшет, сабақ, жапырақ, гүл, тұқым) туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру.<br>**Сурет салу**<br>Пішінін ескере отырып, ою-өрнекті орналастыру, элементтер біріздилігін, олардың арасындағы арақашықтықтарды сақтау. Балаларды суреттерді қылқаламмен, қаламмен бояуға үйрету, заттарды бояуда сызбалар мен жақпаларды бір бағытта жоғарыдан төменге немесе солданоңға пішіннің шеткі сызығынан шықпай |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Қоршаған орта Байланыс және қозғалыс құралдары**.Әртүрлі көлік құралдары мен оларды басқаратын адамдар туралы білімдерін жетілдіру. Көлікте жұмыс істейтін адамдарға сыйластық танытуға тәрбиелеу.**Сурет салу** Балалардың гүлдер, қоршаған заттар мен табиғат объектілерінің түстері мен реңктері туралы ұғымдарын байыту. **Мүсіндеу** Балалардың көлемді пішіндер мен қарапайым композицияларды мүсіндеуге қызығушылығын арттыру, ұжымдық жұмыстарды орындауда | әдептілікті сақтауға баулу. **Математика Шама.**Ұзындығы, ені, және биіктігі бойынша екі затты салыстыру, екі затты үстіне және қасына қою тәсілдерін қолдану. **Қоршаған орта Еңбекке баулу**.Балалардың еңбек етуге деген оң көзқарасын тәрбиелеу, берілген тапсырмаға жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру: бастаған істі аяғына дейінжеткізе білу, оны жақсы орындау.Жақындарының мамандықтарымен таныстыру, олардың атқаратын қызметінің маңызын түсіну, ата-анасының | Жағымсыз қылықтары үшін ұятты сезіне білуге, ренжіткені үшін құрдасынан кешірім сұрауға баулу. **Сурет салу** Балаларды суреттерді қылқаламмен, қаламмен бояуға үйрету, заттарды бояуда сызбалар мен жақпаларды бір бағытта жоғарыдан төменге немесе солдан оңға пішіннің шеткі сызығынан шықпай ырғақты түрде бояу. **Мүсіндеу** Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен таныстыру, оларды мүсіндеуге баулу. **Жапсыру** Композицияны құрастыру кезінде заттар мен нысандардың көлемі бойынша арақатынасын ескеру. Ұсақ элементтерді ересектердің көмегімен желімдеу, алдымен қағаз бетінде заттың бейнелерін құрастырып, содан кейін оны желімдеу.Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнерімен, киіз үй оның жабдықтарымен, | лі көлік құралдары мен оларды басқаратын адамдар туралы білімдерін жетілдіру. Көлікте жұмыс істейтін адамдарға сыйластық танытуға тәрбиелеу. **Музыка Балалар музыкалық аспаптарында ойнау**. Таныс әндерді орындауда балаларға арналған әртүрлі шулы музыкалық аспаптарды қолдану. Асатаяқ, сазсырнайда қарапайым әуендерді ойнау. Балалар музыкалық аспаптарында ойнау. **Сурет салу** Балаларды суреттерді қылқаламмен, | ырғақты түрде бояу. **Мүсіндеу** Әртүрлі пішіндегі таныс заттарды өзіне тән ерекшеліктерін ескере отырып, заттардың толық пішіні пайда болғанға дейін немесе жайылған пішіннің жиектерін ию, жеке бөліктерді тұтас бөліктен созу, майда бөлшектерді қысу сияқты тәсілдермен мүсіндеу. **Жапсыру** Жапсыру мен шығармашылық әрекетке қызығушылықты, шығармашылық қабілетті, қиялды дамыту.Қайшыны дұрыс ұстауды және пайдалана білуді қалыптастыру. **Құрастыру** Құрылыс материалдарынан, «лего» конструкторлардан құрастыру. Орналастыру тәсілдерін қолдана отырып, пластиналарды тігінен және кірпіштерді, бөлшектерді көлденеңінен |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | міндеттемелерді өзара бөлісу.<br>**Жапсыру**. Ұсақ элементтерді ересектердің көмегімен желімдеу, алдымен қағазбетінде заттың бейнелерін құрастырып, содан кейін оны желімдеу.Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнерімен, киіз үй оның жабдықтарымен, сандық, кебежемен, қоржынмен таныстыру.<br>**Құрастыру**. Ұсақ элементтерді ересектердің көмегімен желімдеу, алдымен қағазбетінде заттың бейнелерін құрастырып, содан кейін оны желімдеу.Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнерімен, киіз үй оның жабдықтарымен, сандық, кебежемен, қоржынмен таныстыру. | мамандықтарына қызығушылықты қалыптастыру.<br>**Сурет салу** Пішінін ескере отырып, ою-өрнекті орналастыру, элементтер біріздiлігін, олардың арасындағы арақашықтықтарды сақтау.<br>**Мүсіндеу**. Балалардың көлемді пішіндер мен қарапайым композицияларды мүсіндеуге қызығушылығын арттыру, ұжымдық жұмыстарды орындауда міндеттемелерді өзара бөлісу<br>**Жапсыру** Элементтердің ретін, олардың арасындағы арақашықтықты сақтауды, пішінін ескере отырып, ұлттық оюөрнекті қолданып, тұрмыстық заттарды, ыдыстарды безендіру дағдыларын дамыту.<br>**Құрастыру** Элементтердің ретін, олардың арасындағы арақашықтықты сақтауды, пішінін ескере | сандық, кебежемен, қоржынмен таныстыру.<br>**Құрастыру** Қағаздан құрастыруға үйрету: қағаздың парағын ортасынан бүктеп, шиыршықтап, көлемді пішіндерге, орамдарға, ілмекке айналдыра білу, бұрыштарын және қырларын біріктіру, желімдеу, бөлшектерді өзара желімдеп, композиция құрастыру, «оригами» үлгісі бойынша қарапайым пішіндер құрастыру. | қаламмен бояуға үйрету, заттарды бояуда сызбалар мен жақпаларды бір бағытта жоғарыдан төменге немесе солданоңға пішіннің шеткі сызығынан шықпай ырғақты түрде бояу.<br>**Мүсінде** Әртүрлі пішіндегі таныс заттарды өзіне тән ерекшеліктерін ескере отырып, заттардың толық пішіні пайда болғанға дейін немесе жайылған пішіннің жиектерін ию, жеке бөліктерді тұтас бөліктен созу, майда бөлшектерді қысу сияқты тәсілдермен мүсіндеу.<br>**Жапсыру** Дайын пішіндерден жануарлар, құстар, гүлдердің пішінін қию және ол заттарды қағаз бетіне орналастыру дағдыларын қалыптастыру.<br>**Құрастыру** Дайын құрылыспен түрлі ойындар ойнауға ынталандыру. | орналастыру, құрастыруға қолданған құрылыс бөлшектерін ажырату (текше, пластина, кірпіш, блок) және атау,оларды сапасы, көлемі мен пішіні бойынша таңдау,өз бетінше ойдан құрастыруға мүмкіндік беру, құрастырылған құрылыс бөлшектерінің кеңістіктеорналасуын айқындау. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | отырып, ұлттық ою-өрнекті қолданып, тұрмыстық заттарды, ыдыстарды безендіру дағдыларын дамыту. | | | |
| **Серуенге дайындық** | Серуенге ойын құралдарын дайындау. | Балалалардың серуенге деген қызығушылықтарын туғызу, балалармен жеке әңгімелесу. | Табиғатқа деген қызығушылықтарын арттыру. | Балалалардың серуенге деген қызығушылықтарын туғызу, балалармен жеке әңгімелесу. | Табиғатқа деген қызығушылық тарын арттыру. |
| **Серуен** | № 38 | № 39 | № 40 | № 41 | № 42 |
| **Серуеннен оралу** | Балаларға киімге ұқыпты қарау керектігі жайлы әңгіме жүргізу. «Ұқыпты бала» әңгімесі **Сөйлеуді дамыту** | Балалардың саппен топқа оралуы, сапта екі-екіден жүруге дағдыландыру. | Серуеннен келгеннен кейін киімдерін ұқыпты ілуді қадағалау. Қолдарын жууға үйрету. | Балалардың саппен топқа оралуы, сапта екі-екіден жүруге дағдыландыру. | Балалардың саппен топқа оралуы, сапта екі-екіден жүруге дағдыландыру. |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті** | **«Жақсы мен жаман»** Мақсаты: Әдептілік жайында әңгімелеу **Көркем әдебиет** | **«Тостаған»** Мақсаты: Балалардың шығармашылық қабілетін дамыту, заттың пішіндері туралы білімдерін жетілдіру, қылқаламды пайдалана отырып затты безендіруді үйрету. **Сурет салу** | **«Өз үйін тап» ойыны** Мақсаты: үлкен – кіші ұғымдары туралы түсінік беру. **Математика негіздері** | **«Су торғайы»** Мақсаты: Су торғайы туралы түсінік беру. Мейірімділікке тәрбиелеу. **Сөйлеуді дамыту** | **«Заттарды салмағы бойынша салыстыру»** Мақсаты: Салмақ туралы түсінік беру. Заттарды салмағы бойынша салыстыру. Пішіндерді айыра білуге үйрету. **Математика** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | **негіздері** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **«Қақпақты ашып жап»** дидактикалық ойын<br>Мақсаты: Бір-бірімен байланысты тура және кері әрекеттерді орында ту.<br>Амина,Нұрсұлтан | **«Танып атын ата»** суретті кітапшалармен жұмыс<br>Мақсаты: Тануға және көрсетуге дағдыландыру.<br>Алпамыс,Гулфайруз | **«Үй жасаймыз»**<br>Қиынды суреттермен жұмыс<br>Мақсаты: Логикалық ойлауға үйрету.<br>Жасмин, Аяла | **«Қызықты ойыншықтар»** ойыншықтармен ойын<br>Мақсаты: Достыққа баулу.<br>Аяру,Хадия | **«Сәйкес ұяшыққа орналастыр»** дидактикалық ойын<br>Мақсаты: Ойлау қабілетін арттыру.<br>Нұртөре, Диас |
| **Серуенге дайындық** | Серуенге қызығушылықты арттыру. Балалардың реттілікпен киінуі, серуенге шығу, топтық ережелерді қайталау. Балаларды реттілікпен киінуге дағдыландыру. | Балаларды реттілікпен киінуге дағдыландыру. | Серуенге шығамыз деген нұсқаумен барлық балалар орындарына тұру.<br>Еңбек құралдары ойыншықтарын далаға алып шығуға дайындап қою. | Серуенге қызығушылықты арттыру. Балалардың реттілікпен киінуі, серуенге шығу, топтық ережелерді қайталау. | Серуенге шығамыз деген нұсқаумен барлық балалар орындарына тұру.<br>Еңбек құралдары ойыншықтарын далаға алып шығуға дайындап қою. |
| **Серуен** | № 38 | № 39 | № 40 | № 41 | № 42 |
| **Серуеннен оралу** | Балалардың киімін ретімен шешу, дербес және ойын әрекеті | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті** | Түрлі балалар әрекетінде (ойын, қимылдық, танымдық, шығармашылық, зерттеу ,эксперимент, еңбек, балалардың дербес әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету ) іске асырылады | | | | |

| | |
|---|---|
| **Балалардың үйіне қайтуы** | Балалардың жетістіктері туралы әңгімелесу, ата-аналардың балаларды тәрбиелеу мен дамыту бойынша сұрақтарына жауап беру, кеңес беру. |